

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 10 сәуір N 485

2001 жылғы көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын қаржыландыруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

ЕСКЕРТУ. Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.05.18. N 652
қаулысымен. P 0 1 0 6 5 2 _

1. Алматы, Қызылорда, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері:

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне және "Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры" жабық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Қор) 2001 жылға арналған облыстық бюджеттерде осы қаулының 5-тармағына сәйкес алынған несиелер бойынша түсетін түсімді және өтеуді көздейтін тиісті мәслихаттардың шешімдерін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін жанар-жағар май материалдарын, тұқым, тыңайтқыш, гербицид, ауыл шаруашылығы машиналарына арналған қосалқы бөлшектер сатып алуға, ауыл шаруашылығы техникасын жалға алуға немесе сатып алуға несиелендіру жөніндегі бюджеттік бағдарламаларды ұсынсын;

көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін жанар-жағар май материалдарын, тұқым, тыңайтқыш, гербицид, ауыл шаруашылығы машиналарына арналған қосалқы бөлшектер сатып алуға, ауыл шаруашылығы техникасын жалға алуға немесе сатып алуға несиелендірудің ішкі е р е ж е с і н ә з і р л е с і н .

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.05.18. N 652
қаулысымен. P 0 1 0 6 5 2 _

2. Осы қаулының 1-тармағының шарттарын орындаған жағдайда, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне кейіннен жергілікті атқарушы органдарды несиелендіру үшін, Қорды 2001 жылғы 3 желтоқсанға дейінгі мерзімге нөлдік сыйақы ставкасымен несиелендіру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген резервінен 428 000 000 (төрт жүз жиырма сегіз миллион) теңге мөлшерінде сома бөлінсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қормен тиісті несие келісімін жасауды қамтамасыз е т с і н .

4. Көрсетілген облыстардың әкімдеріне осы қаулының 5-тармағына сәйкес көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін ауыл шаруашылығы тауар

өндірушілерін несиелендіруге бөлінетін қаражатты Қордан қарызға алуларына рұқсат е т і л с і н .

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.05.18. N 652
қ а у л ы с ы м е н . Р 0 1 0 6 5 2 _

5. Қор көрсетілген облыстардың әкімдеріне тиісті несие келісімдерін

жасай отырып, нөлдік сыйақы ставкасымен 2001 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі мерзімге несие қаражатын бөлсін, оның ішінде:

Алматы облысына - 236 100 000 (екі жүз отыз алты миллион бір жүз мың) теңге;

Қызылорда облысына - 45 300 000 (қырық бес миллион үш жүз мың) теңге;

Жамбыл облысына - 85 300 000 (сексен бес миллион үш жүз мың) теңге;

Оңтүстік Қазақстан облысына - 61 300 000 (алпыс бір миллион үш жүз мың) теңге.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары О.Ә.Жандосовқа жүктелсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.